

# Әлеуметтік салық

Д.Б. ҚАЛЫБЕКОВА

## САЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ

Оқу қорымы



□ **Әлеуметтік салықтар** – нысаналы мақсаттағы тікелей салық түрі. Әлеуметтік салықтар әлеуметтік мақсаттағы бюджеттен тыс нысаналы қорлардың, зейнетақы қорларының, әлеуметтік сақтандыру, жұмыспен қамту қорларының негізгі көзі болып табылады. Салық салу нысаны – еңбек міндеттерін орындағаны үшін төлемнің алуан түрлері. Әлеуметтік салықтар азаматтарды мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуымен байланысты дүниеге келді. Заңды және жеке тұлғалар төлейтін әлеуметтік салықтар мөлшерлемесінің ара қатынасы нақты бір елдегі қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты. Мыс., АҚШ-та жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмыскерлер Зейнетақы қорына бірдей мөлшерде – 9%-дан төлейді. Қазақстанда 10%-дан аударады. Әлеуметтік салықты төлеушілер – елдің резидент-заңды тұлғалары, сондай-ақ елде қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар. Резидент-заңды тұлғалар мен бейрезиденттер үшін белгіленген төлемді қоспағанда, жұмыс берушінің қызметкерлерге белгіленетін кірістер түрінде төлейтін шығыны, ал жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар үшін төлеушілердің өздерін қоса алғанда, қызметкерлер саны салық төлеу объектісі болып табылады.

Әлеуметтік салық Қазақстанның салық жүйесіне жақында енгізілген салық болып табылады. Бастапқыда бұл салық түрін алудың мақсаты азаматтардың мемлекеттік зейнеткерлік және әлеуметтік қамтамасыз етуге және медициналық көмекке құқығын жүзеге асыру үшін құралдарды жұмылдыру болып табылды. 1999 жылы қаңтар айында әлеуметтік салықты енгізу сонымен бірге әлеуметтік салықтың кішкене уақытында ставка мөлшеріне, салық салынатын база және есептілікке көптеген өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Әлеуметтік салық ставкасын 26-дан 21 пайызға төмендету (01.07.2001 ж бастап) 03.05.2001 ж №183 Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған.

**ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ  
ТӨЛЕУШІЛЕРІ  
ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕДЕ,  
ОЛАРДЫҢ  
ФИЛИАЛДАРЫ МЕН  
ӨКІЛДІКТЕРІНДЕ  
ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР,  
СОНЫҢ ІШІНДЕ  
ШЕТЕЛ ТҰЛҒАЛАРЫ  
ЖӘНЕ ЖЕКЕ  
КӘСІПКЕРЛЕР БОЛЫП  
ТАБЫЛАДЫ.**



ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚТАР ӨЗІНІҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ ЖАҒЫНАН  
НЕГІЗГІ САЛЫҚТАРҒА ЖАТАДЫ.  
ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚТАР БЮДЖЕТ  
КІРІСТЕРІНІҢ ТҰРАҚТЫ КӨЗІ БОЛЫП  
ТАБЫЛАДЫ. КЕЙБІР ЭКОНОМИСТЕРДІҢ  
АЙТУЫ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК  
САЛЫҚТАР МЕМЛЕКЕТТІҢ АУЫСПАЛЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТІРЕК  
БОЛАДЫ.

Әлеуметтік салық бойынша есепке қойған кезде салық органы тұлғаға оның әлеуметтік салық төлеуші ретінде есепке қойылғаны туралы куәлік беруге міндетті:

- тұлғаның атауы және деректемелері;
- салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- әлеуметтік салықты төлеуші болып тіркелген күні;





**САЛЫҚ  
ЖӘНЕ  
ХАЛЫҚ**

□ Салық салу объектісі болып жалақы және басқа жұмысшыларға төлемдер, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жұмысшыларға, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға төленетін жалақы және басқа да төлемдер болып табылады. Жалақыға қосылатын төлемдер жеке тұлғалардың жинақтаушы зейнетақы қорына аударылатын міндетті зейнетақы жарналарының бөлігі ретінде, әртүрлі өтемақы төлемдері, қосымша төлемдер және үстеме ақылар, босануына байланысты уақытша еңбек етуге жарамсыздығына әлеуметтік жәрдемақы, баланың тууы кезінде материалдық көмек, әлеуметтік қолдау бойынша төлем, басқа мемлекеттерден грант есебінде төлемдер, қоғамдық жұмысқа және қаражаттар есебіне оқыту төлемдері, кейбір басқа төлемдер ретінде түзетулерге жатады.



**Салық мөлшерлемесі регрессивтік ставкамен белгіленген. Жеке кәсіпкерлер, нотариустар, адвокаттар үш айлық есеп көрсеткішінің мөлшерінде және әр жұмысшыға екі айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде салық төлейді.**





Салықтар мемлекет үшін ең негізгі қаражат көзі, сол салықтардың бірі мүлік салығы болып табылады. Қазіргі уақытта салықтар арасында мүлік салығының маңыздылығы жоғары.

## Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Салық кодексі. 2006 ж
3. С. Найманбаев “Салықтық құқық” Алматы. 2005
4. С.М. Найманбаев “Қаржылық құқық” Алматы. 1994
5. В.М. Пушкарева “История финансовой мысли и памяти налогов” 1996